

## *Студенттің өздік жұмысы (СӨЖ)*

**1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Мәтінде не айтылғанын баяндап беріңіз? Барыс септігінде тұрған сөзге сұрақ қойып анықтаңыз.**

Әкем мен анам жексенбі күні жиһаз дүкенінен үйлеріне үлкен үстел мен сегіз орындық сатып алды. Үстел 80000 теңге тұрады, ал әр орындық 12 000 теңге тұрады. Оларды дүкеннен үйге дейін тегін жеткізіп берді. Ата-анам үстел мен орындықтарды қонақ бөлмесіне қойды. Сатып алған саудалары екеуіне қатты ұнады. Келесі аптада мен де дәл сол сияқты жиһазды сатып алуды ұйғардым. Бұл отандық жиһаз Семей қаласында жасалады екен.

**2-тапсырма. Бос орындарды толықтырыңыз, етістіктің жасалуын түсіндіріңіз.**

1. Азық-түлік дүкенінен \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, сатып алсам, ауылға атам мен әжеме апарар едім. 2. Көкөніс дүкенінен \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, сатып алғым келді, сондықтан үйден ерте шықтым. 3. Кеңсе тауарлар дүкенінен \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, сатып алсам, оларды досыма сыйлар едім. 4. Бүгін \_\_\_\_\_ сатып алайын.

*Керекті сөздер:* қағаз, нан, қызанақ, сәбіз, сарымсақ, тұсқағаз, сызғыш, күріш, керекті затты.

**3-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін аударып, сөйлем құраңыз.**

Продуктовый магазин, магазин одежды, полки, виды еды, качество, дайте пожалуйста, стоимость всего, торговый центр, взвесьте пожалуйста, прочный, новые товары, оплата.

**4-тапсырма. Ілік септік жалғауын жалғаңыз. Орыс тіліне аударыңыз.**

Алма ... , шие... дәмі өте қышқыл. Ірімшік... , қаймақ... түсі ақшыл. Үй... іші ысып кетті. Қарақат... , алмұрт... түсі қандай? Жүзім... , сәбіз... және анар... бағасы жеңілдетілген бағамен сатылуда. Тары... , күріш..., талқан... келісі қанша тұрады? Дүкенге барып, сатушыдан асқабақ... , қауын... , қырыққабат... , қияр... және қызылша ... бағасының қанша екенін сұрап білдім.